МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН ҚАЙТА ҚАРАУ ТУРАЛЫ ШАҒЫМ

Сізден № 16302705-ГСЗ1 мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде көзделген қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттаманы, № 84060309-ГСЗ1 лот «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру шеңберінде іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу жөніндегі қызметтер» бойынша қайта қарауыңызды сұраймыз.

Аталған хаттамаға сәйкес жеңімпаз болып «Кенжекөл жастары» жастар қоғамдық бірлестігі» қоғамдық бірлестігі танылған. Алайда жеңімпазды анықтау барысында техникалық ерекшелік талаптарының толық сақталмағаны және қатысушы ұсынған құжаттардың жеткілікті деңгейде бағаланбағаны байқалады деп есептейміз.

Атап айтқанда, «Кенжекөл жастары» бірлестігі ұсынған техникалық ерекшелікте тек салафизм діни ағымына қатысты талдау берілген, ал Баянауыл ауданындағы діни ахуалға жан-жақты талдау жасау техникалық ерекшеліктің міндетті талабы бола тұра ұсынылмаған.

Сонымен қатар, «Кенжекөл жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің Жарғысына сәйкес ұйым қызметінің негізгі бағыттары дене шынықтыру мен спортты дамытуға, салауатты өмір салтын насихаттауға, әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алуға, волонтерлікті, кәсіпкерлікті дамытуға, мәдени-бұқаралық және білім беру іс-шараларын ұйымдастыруға бағытталған. Ал діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, сондай-ақ деструктивті діни ағымдардың профилактикасы бойынша нақты қызмет түрлері Жарғыда көрсетілмеген немесе жалпы сипатта ғана берілген.

Аталған жайттар жеңімпаз ұйымның осы лот бойынша жобаны сапалы іске асыру үшін қажетті тәжірибесі, бейіндік институционалдық құзыреті және білікті кадрлық ресурстарының жеткіліктілігіне күмән туғызады.

Сондай-ақ техникалық тапсырмада жеңімпаз тарапынан «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығының» қызметкерін тарту көзделгені көрсетілгенімен, өтінім құрамында бұл ынтымақтастықты растайтын құжаттар (ниет туралы келісім, ынтымақтастық туралы келісім, растау хаттары) ұсынылмаған.

Өз кезегінде «Адал» жастар қоғамдық бірлестігі 2008 жылдың қазан айында Павлодар облысында заңды тұлға ретінде тіркелген және көптеген жылдар бойы жастардың әртүрлі санаттарымен жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Ұйым діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, деструктивті діни ағымдардың таралуына қарсы профилактика жүргізу, социологиялық зерттеулер мен діни ахуалды мониторингтеу, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу бағытында әлеуметтік маңызы бар және инновациялық жобаларды іске асырып келеді.

Осыған байланысты Сізден:

1. «Кенжекөл жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің конкурстық өтінімінің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігіне қосымша тексеру жүргізуді;

2. Жобаны іске асыру үшін қажетті кадрлық және институционалдық ресурстардың бар-жоғын растайтын құжаттардың толықтығына құқықтық баға беруді;

3. № 84060309-ГСЗ1 лот бойынша мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы қолданыстағы заңнамаға сәйкес қайта қарауды сұраймы